

**2013 жылға Ертіс ауданы тұрғындарының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 06 маусымдағы N 273/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 маусымда N 3552 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 қазандағы N 438/6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 18.10.2013 N 438/6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2013 жылға Ертіс ауданы аумағында тұратын тұрғындардың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) әйелдер үшін 50 жастан асқан және ерлер үшін 55 жастан асқан тұлғалар;
- 3) ұзақ уақыт (он екі ай және бұдан да артық) жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 4) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 5) дәрігерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулі

**т ұ л ғ а л а р .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Шұғаев*